Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу бойынша
әдістемелік ұсынымға 5-қосымша

БЕКІТЕМІН
Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының
басшысы _____ А.Бисембаев
21 қазан 2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Тапсырма шартына сәйкес, банктің негізгі фунцияларының бірі-әлеуметтік қолдау шараларын алушы мамандардың www.otbasybank.kz сайты арқылы көтерме жәрдемақы немесе бюджеттік кредит алуға өтінім беруін қамтамасыз ету. Алайда, кейбір мамандарға әлеуметтік қолдау шараларына өтінім беру үшін міндетті түрде банктен депозит ашу	Уәкілетті органға хат жолдау	Қазақстан Республикасының заңнамаларына тиісті өзгерістер енгізу	А.Хабибулиев	қазан 2026 жыл

	қажеттілігі кедергі болуда. Мысалы, көтерме жәрдемақы алуға ниет білдірген білім беру саласының маманы салықтық қарыздары болу салдарынан депозит ашу мүмкін емес екен. Депозит ашу кезінде банк кеңесшілері мамандарға депозитті толықтыру қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізуде. Алайда, Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес, мемлекеттік қызмет тегін көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, қағидаға сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген маман тұрғын үй салу үшін бюджеттік несие алған кезде тұрғын үй құрылысын аяқтағанға дейін кепілге мүлік ұсынуы қажет. Алайда тұрғын үй салатын адамға кепілге басқа мүлікті қою ақылға сыйымсыз нәрсе. Сондықтан бұл қызмет түрін алушылардың саны кемде кем, бұл мамандардың кепілге мүлік таба алмауынан туындауда.				

2	Заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы техникалық бақылаудан өткізу қызметін конкуреттік сала (жекеге) беру	Уәкілетті органға хат жолдау	Қазақстан Республикасының заңнамаларына тиісті өзгерістер енгізу	Е.Оразғалиев	қазан 2026 жыл